

УДК 821.512.122

Ұлы Жеңіске жеткен Ұланның ұлы

Ахметжанова Фарзана Рафиковна

филология ғылымдарының докторы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры. 070004 Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Қазақстан к., 55.

E-mail: Kaf_Kaz_Jazyka@vkgu.kz

Түйін. Мақалада аты аңызға айналған партизан отрядының командирі, полковник, Халық Қаһарманы, жазушы, Шығыс өңірі, Ұлан жерінің тумасы Қасым Қайсеновтің ерлігі баяндалады.

Түйін сөздер: партизан отряды; диверсиялық-барлау мектебі; Халық Қаһарманы; Ұлы Жеңіс.

Қазақтың байтақ даласында, еліміздің тарихында есімі халық жадында сақталған әйгілі батырлар аз болмаған. Сондай қайсар ердің бірі – полк дәрежесіндегі партизан отрядын басқарған, диверсиялық әрекеттерге дайындалған нағыз барлаушы, Халық Қаһарманы, отызға жуық кітап жазып шығарған полковник Қасым Қайсенов. Алтай тауының Асу-Бұлақ атты өзені бойында туып, «Тентек қара» атанған шымыр бала мәпелеген халқының, еркелеткен елінің арқасында аңдамай, аңдатпай жүріп Шығыстағы Білім ордасы 50-жылдық мерейтойында қастерлі жерлес Батырымызды құрметпен қарсы алғанда, ұлы жеңіске ұлағатты үлес қосқан Ұланның тумасы 85-ке келетінін сыр қылып айтып еді. Сол жолы да, кейін де бірнеше рет университетке қонақ ретінде шақырылғанда жауапты болып мен жүріп едім. Кездесулердің бәрі текке өткен жоқ, ғажайып әсер қалдырды, көп нәрсеге көзіміз ашылды. Ол кісі маған сұрақ қойды, мен де өз кезегімде Қасым ағаға түрлі сұрақ қойып үлгердім. Жауабы төмендегідей болды.

– 1938 жылы Асыл апаң екеуіміз саяси-ағарту техникумын бітірген соң Павлодарға жұмысқа бардық. Менің 20 жасымда, оның 17 жасында туған жерден үлкен өмірге аттандық. Мен облыстық оқу бөлімінің инспекторы болдым, Асыл сонда кітапханаға орналасты. Не үй-күйіміз, не ағайын-туысымыз жоқ, жападан-жалғыз едік. Сол жердегі қазағы бар, орысы бар бірден бізді қамқорлыққа алды. 1939 жылдың қысында мені фин соғысының майданына жіберді. Солдат ретінде қызыл жүк вагонға отырғызды. Атақты Естай ақынның жалғыз қарындасының Өмірбаев Хамза деген жалғыз ақын ұлы болған. Сол екеуіміз бір вагонның бұрышында Мәскеуге дейін бірге болдық. Естайдың «Қорланын» керемет салатын. Мәскеуге барған соң мен диверсиялық-барлау мектебіне алындым. Бұл аса құпия оқу орны болатын. Елге хат жаздырмайды, хат та алдырмайды. Сондағылардың берген білімі, үйреткен әдіс-айласы арқасында мен жаумен бетпе-бет кездескенде, жекпе-жекте, қиын-қыстау жағдайда, айқастарда аман шығып отырғаным сондағы мені оқытқан 20 шақты барлаушы нұсқаушылардың көмегі деп ойлаймын. Ұстаздарым не істе деді, қалай істе деді, – соны бұлжытпай орындап, жауға қарсы қолдандым. Партизандық өмір өте қауіпті. Сен үшін айналаңның бәрі – алдыңғы шеп. Жау алдыңнан да, артыңнан да келуі мүмкін. Әр уақытта, қысы-жазы орманда жүресің. Бірақ партизандарда тәртіп қатаң болады. Егер ол болмаса, отряд жауға қарсы тұра алмайды. Саны көп ұлтқа тән өркөкіректік, менмендік басым болады. Оларды мойындататын нәрсе – өзіңнің мықтылығың. Сенің жасаған ерлігің олардан бірнеше есе асып түссе, істейтін әрекетің, ұрыста қолданатын айла-тәсілдерің олардан басым болса, олар сенің алдыңда тізе бүгіп, айтқаныңмен жүреді. Ұлы Отан соғысындағы партизандар қозғалысы тарихында – Украина мен Белоруссия жерінде, жалпы, жау тылында басқа ұлттардан екі-ақ адам отряд командирі болыпты. Біреуі – қазақ Қасым Қайсенов, екіншісі – Ковпактың құрамасындағы Давид Бокарадзе деген грузин жігіті. Менің отрядымда қоршауға түсіп қалып адасқан орыстың полковниктері, подполковниктері де жүрді. Соғыс бізді қатыгездікке үйретті, кекті оятты. Атыста

аяушылық болмайды. Әйтпесе өзіңді құртады. Соғыстың логикасы қатал. Ал жалпы адам болған соң сен ең алдымен өзіңді тануың керек. Сен осы кімсің? Бұл өмірде не істеп жүрсің? Не істей алдың? Адам ретінде жақсы жағың қайсы, жаман жағың қайсы? Осы уақытқа дейін қазақ тілінде, орыс тілінде, украин тілінде 30-ға жуық кітап жарық көрді. Сол кітаптарда жазғандарым басымнан кешкендерімнің 20-25 пайызы ғана, қалғандары жазылған жоқ. Менің жазғандарым 1943 жылдың ортасынан 1944 жылдың аяғына дейінгі оқиғалар ғана. Мен қалың кітап та, жұқа кітап та жаздым. Мені біреулер роман жазды, повесть жазды деп жүр. Оның бәрі – өтірік сөз. Мен роман да, повесть те, көркем әңгіме де жазған емеспін. Мен басымнан не кештім, өз қолымнан не істедім, өз ойымнан не өткіздім – соның бәрін еске түскендерін жазып жүрген адаммын. Әрине, менің көрген, бастан кешкен оқиғаларымнан роман да, повесть те, пьеса да жазуға болатын еді. Басымнан кешкен оқиғаларымның 70-80 пайызы енді жазылмайды, өзіммен бірге о дүниеге кетеді. Айталық, жау тылында, фашистердің арасында төрт жыл жүріп соғысу деген оңай дүние емес. Фашистері бар, Отанына опасыздық жасаған сатқындары бар, полицаилары бар – мен өз қолыммен қаншама адам өлтірдім. Бұл – сұмдық нәрсе. Бір кезде мен неміс халқына үндеу жарияладым. «Еңбекқор, талантты неміс халқы! Егер менің қолымнан қанішер фашистерің қаза тапса, маған рақмет айтыңдар. Ал егер менің қолымнан байқаусызда, амалсыздан Гитлердің заңынан қорқып келген адал ұлдарың мерт болса, онда кешіріңдер мені. Мен оған кінәлі емеспін. Кінәлі – Гитлер, фашизм», - дедім. Төрт жыл үнемі жау тылында жүріп, үнемі атысып-шайқасу – ауыр сын, жан азабы, тағдыр тауқыметі. Бұл – өмір мен өлім арпалысы. Тірі қалуым – тағдырдың сыйы деп түсінемін. 1941 жылы соғыс басталғаннан бері қанша жыл өтті... Сонша жыл мен олжа өмір сүріппін. Бәрін көз алдымнан өткізе келе өмірге ризашылығымды білдіремін: төрт балам бар, он-он бес немерем, шөберем бар. Осының бәрі соғыстан аман-есен оралған соң менің өмірге келген ұрпағым, артыма қалдырар мұрагерлерім. Елімнің жақсылығын үзбей көріп келемін. Қай жерге барсам да, барлығы құрметтейді. Міне Шығыстағы университет те неше рет шақырып, кездесулер өткізіп, құрметтеп жатырсыңдар. Президентіміз жеңістің 50 жылдығы алдында менің кеудеме Халық Қаһарманы жұлдызын қадады. Полковник атағын берді. Мен өзімнің қазақ болып туылғанымды мақтаныш етемін. Сонау Украин жерінде төрт жыл партизан болғанымда қазақ ұлтының өкілі екенімді бір сәт те ұмытқан жоқпын. Менің халқым керемет намысшыл. Сол қасиет маған да дарыған. Адамның ішінде жерге деген, елге деген сүйіспеншілік болу керек. Елдің, халықтың, жердің мүддесінен өзге мүдде елдеқайда төмен тұруы тиіс, – деп түйді Батыр Қасым аға.

Біз де осыншама дара тұлғаның өміріне, ерлігіне, шығармашылығына арналған курс, бітіру жұмысы, арнайы ғылыми-зерттеу еңбек те жаздырып үлгердік. Ал жазылмағаны әлі қаншама...

Ұлы Жеңісті жат жерде жүріп қайтпас қайсарлығымен, әйгілі ерлігімен жақындатқан Ұланның Ұлы – Қасым Қайсеновтің есімі жадымызда.

Лишь об одном прошу: цените жизнь, берегите мир !

В тот год я в очередной раз поехала в Алматы, чтобы встретиться с легендарным командиром партизанского отряда во время Великой Отечественной войны 1941- 1945 гг., полковником, заслуженно носящим звание Халық Қаһарманы (Народный Герой), орденосцем (Казахстан – орден «Отан»; Украина – орден «За заслуги» II и III степени; СССР – орден «Богдана Хмельницкого» II степени и орден «Отечественной войны» I и II степени) и обладателем порядка десяти различных медалей, писателем, лауреатом Международной премии имени А. Фадеева и имени Бауржана Момышулы – Касымом Кайсеновым. Приветливое, благодатное летнее время располагало к

доверительной беседе. Этому способствовало и много других обстоятельств. Будучи студенткой выпускного курса моего вуза государственную педпрактику я проходила в родном селе горячо любимого народом Батыра – Асубулаке Уланского района ВКО. Ещё тогда меня интересовали неординарные личности региона, например, Касым Кайсенов, Сарсен Аманжолов, Изгутты Айтыков, Ахан Какенов, Заки Ахметов, Тоты Амирова и другие. Я пыталась исследовать тайну их неординарности. А где-то в глубине души я проводила параллель между Касымом Кайсеновым и моим отцом, участником и инвалидом Великой Отечественной войны. По прошествии времени я стала предлагать темы курсовых работ и дипломных проектов, позже – магистерских диссертаций, связанных с жизнью и творческой лабораторией Касыма Кайсенова своим студентам. Чтобы действия мои были согласованы и выдержаны в рамках педэтики, тогда ещё в 1990-е годы я поехала к Касыму Кайсенову, чтобы получить его согласие писать о нём и при необходимости использовать материалы его произведений. Уже тогда мною были прочитаны его книги «Молодой партизан», «Илько Витряк», «Партизаны Переяславля», «В пасти у смерти», «Мальчик в тылу врага», «На Днепре», «В тылу врага», «Партизанские тропы», многочисленные рассказы и очерки. Позже некоторые произведения он сам подписал и подарил мне. Поскольку на протяжении всей моей научно-педагогической деятельности я занимаюсь контактами языков, их взаимовлиянием и взаимообогащением, - иначе говоря – диалогом культур, то мне подвластны тексты и на казахском, и на русском языке. Книги Касыма Кайсенова, написанные им на его родном казахском языках, переведены на русский, украинский и другие языки.

Нашу встречу предварял обычно мой звонок. Когда я приходила к ним, - Асыл апай, открывая дверь, с мягкой, приветливой улыбкой приглашала меня в квартиру. Сколько было таких встреч: у них там, в Алматы, у нас здесь в Усть-Каменогорске, в ВКГУ, в Уланском районе, на других торжествах, – специально я не считала, но до сих пор меня преследует мысль о непостижимости силы их духа.

В 1938 году Касым Кайсенов с супругой Асыл апай, завершив обучение в политико–просветительском техникуме Усть-Каменогорска, выезжают в Павлодар работать в областном отделе народного образования. Касыму Кайсенову – 20 лет, супруге – 17 лет. По месту назначения – ни родных и близких, ни знакомых, ни друзей, ни жилья! Старшие коллеги тепло и заботливо встретили их, помогли обустроиться. Уже зимой 1939 года Касыма Кайсенова направили в качестве солдата на Финский фронт. В Москве его распределили в школу военной разведки. В ноябре 1941 года он был направлен в штаб Северо-Западного фронта, где получил спецзадание и был заброшен в тыл врага для организации на территории оккупированной Украины партизанского движения. В дальнейшем до конца 1944 года руководил партизанским отрядом на территориях Молдавии, Чехословакии и Румынии. На Украине Касым Кайсенов организовывал партизанские отряды и одновременно занимался диверсионной работой. Обучая бойцов отряда минному, взрывному делу, владению различного вида оружием, Касым Кайсенов заботился о каждом по-отечески, со вниманием. От природы он был богатырского телосложения, физически сильным и смелым духом. Из самой опасной и трудной ситуации старался выходить невредимым и также оберегал бойцов отряда. Все бойцы партизанского отряда, с кем пришлось зимой и летом, днём и ночью на протяжении четырёх лет жить в лесу и воевать против фашистов, все местные жители горячо любили Касыма Кайсенова, его имя вселяло в людей уверенность в победу и мирную жизнь. Являясь командиром многочисленного партизанского отряда, Касым Кайсенов сам участвовал в более чем ста военных походах и диверсиях. В самые тяжёлые минуты своей той жизни Батыр помнил о том, что за ним стоит его Родина, Казахстан, его

народ. В короткие минуты затишья он вспоминал Асубулак, первозданную природу Востока, Алтай – колыбель человечества и красавицу свою Асыл (Асыл – в переводе с казахского - драгоценная). Он гордился своим народом, своей землёй, Отечеством. Это придавало ему силы. Там, в лесу, надо было быть всегда наготове, собранным, просчитывать всё до мелочей, соблюдать железную дисциплину. Логика военного времени жёсткая: если не ты, - то тебя. Даже зная, что его дело правое, что они воюют с фашистскими оккупантами, при виде пролитой крови сердце Героя сжималось. Нормальный человек не может привыкнуть к смерти. Исходя из этой мысли, Касым Кайсенов однажды опубликовал обращение к простому немецкому народу с извинениями за смерть их сыновей, выполнявших приказ Гитлера и нашедших вечное пристанище на чужой земле.

Уже в мирное время Касым Кайсенов от чистого сердца, как ребёнок, радовался и удивлялся тому, что Всевышний так щедр к нему, ведь за спиной уже восемь десятков лет, а он живёт. И каждый раз приговаривал: «Это мой Алтай, моя Родина, моя земля и мой народ даёт мне силы. Ко мне относятся с любовью, заботой и уважением, – почему бы не жить?! Я очень благодарен судьбе, стране, Асыл и детям своим. Лишь об одном прошу: цените жизнь, берегите мир!»

Достойный сын Улана, достигший Великой Победы

Ахметжанова Фарзана Рафиковна

доктор филологических наук, профессор Восточно-Казахстанского государственного университета имени С. Аманжолова. 070004 Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск, ул. Казахстан, 55.
E-mail: Kaf_Kaz_Jazyka@vkgu.kz

Аннотация. В статье говорится о легендарном командире партизанского отряда в годы Великой Отечественной войны 1941-1945, Халық Қаһарманы, уроженце Восточного Казахстана Касыме Кайсенове.

Ключевые слова: командир партизанского отряда; школа военной разведки; оккупированная территория; тыл врага; военное время.

Ulan's worthy son, who came to the Great Victory

Ahmetzhanova Farzana Rafikovna

Doctor of Philology, Professor of S. Amanzholov East-Kazakhstan State University. 070004 Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, st. Kazakhstan, 55. E-mail: Kaf_Kaz_Jazyka@vkgu.kz

Abstract. The article says about the legendary commander of the guerrilla unit during the Great Patriotic War of 1941-1945, Халық Қаһарманы, the native of East Kazakhstan, Kassym Kaysenov.

Keywords: commander of the guerrilla unit; School of Military Intelligence; occupied territory; behind enemy lines; wartime.